

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы N 201 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қарамағына берілген қазақстан-өзбек мемлекеттік шекарасының периметрінен 30 метрдегі аумақтан, сондай-ақ "Жібек жолы" халықаралық өткізу пунктінің ауданындағы 100 метрге дейінгі аумақтан Қазақстан Республикасы азаматтарының көшірілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.05. N 1198 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 1203821331 (бір миллиард екі жүз үш миллион сегіз жүз жиырма бір мың үш жүз отыз бір) теңге бөлінсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1220 қаулысымен.

2. Көрсетілген қаражат мыналарға бөлінеді деп белгіленсін:
658944650 (алты жүз елу сегіз миллион тоғыз жүз қырық төрт мың алты жүз елу) теңге - жылжымайтын мүлікке өтемақыға;

13601200 (он үш миллион алты жүз бір мың екі жүз) теңге - 50 еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен әрбір отбасының көліктік шығыстарын өтеуге;

5711585 (бес миллион жеті жүз он бір мың бес жүз сексен бес) теңге - 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен отбасының әрбір мүшесіне бір жолғы жәрдемақы төлеуге;

1713475,5 (бір миллион жеті жүз он үш мың төрт жүз жетпіс бес бүтін оннан бес) теңге - қолданыстағы заңнамада белгіленген мөлшерде 3 тәулікке арналған есеппен отбасының әрбір мүшесіне тәуліктік шығыстарына ақы төлеуге;

220398432 (екі жүз жиырма миллион үш жүз тоқсан сегіз мың төрт жүз отыз екі) теңге - жылжымайтын мүліктің бағалау құны Оңтүстік Қазақстан облысында басқа тұрғын үй сатып алуға немесе салуға мүмкіндік бермейтін отбасыларына тұрғын үй салуға;

303451988,5 (үш жүз үш миллион төрт жүз елу бір мың тоғыз жүз сексен сегіз бүтін оннан бес) теңге - коммерциялық объектілерге өтемақыға.

Айлық есептік көрсеткіш мөлшері 2004 жылдың көрсеткішіне сәйкес есептелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.05. N 1198 , 2005.12.09. N 1220 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ